

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 1 беті

КАФЕДРА «ДӘРІЛЕР ТЕХНОЛОГИЯСЫ»

«ДӘРІЛІК ТҮРЛЕР ТЕХНОЛОГИЯСЫ» ПӘННІҢ ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ (СИЛЛАБУС)

Білім беру бағдарламасы «6B10106 - Фармация»

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: DTT 3203	1.6	Оқу жылы: 2023-2024
1.2	Пәннің атауы: Дәрілік түрлер технологиясы	1.7	Курс: 3
1.3	Реквизитке дейінгі: органикалық, бейорганикалық, физикалық және коллоидтық химия, ботаника, латын тілі	1.8	Семестр: 5
1.4	Реквизиттен кейінгі: экстракциялық препараттар технологиясы, дәрілердің өндірістік технологиясы-1, дәрілік түрлер технологиясының оқу практикасы, фармацияны басқару және экономикасы-1	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 6 кредит
1.5	Цикл: Базалық пәндер (БП)	1.10	Компонент: Жоғары оқу орны компоненті (ЖООК)
2.	Пәннің сипаттамасы		
Қатты дәрілік түрлер (ұнтақтар), сұйық дәрілік түрлер (сыртқа және ішке қолдануға арналған ерітінділер, ЖМҚ және коллоидты ерітінділер, суспензиялар, эмульсиялар, тамшылар, тұнбалар және қайнатпалар), жұмсақ дәрілік түрлер (жағар майлар, суппозиторийлер, линименттер), стерильді және асептикалық жағдайда дайындалатын дәрілік түрлер (шаншуға арналған ерітінділер, көз майлары және тамшылары, антибиотиктері бар, балаларға арналған дәрілік түрлер).			
3.	Жиынтық бағалау түрі		
3.1	Тестілеу	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша ✓	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	ОҚКЕ/ ОҚТЕ немесе тәжірибелік дағдыларды қабылдау ✓	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаттары		
Дәріхана жағдайында дәрілік түрлерді дайындау және олардың сапасын бағалау бойынша білім алушыларда жүйелік білімін және тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру.			
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)		
1 ОН	Дәрілік құралдарды дайындауды, сапасын бағалауды, сақтауды және қолдануды реттейтін нормативті құжаттардың негізгі ережелерін білу.		
2 ОН	Дәрілік құралдарды дайындау бойынша өндірістік процесті ұйымдастырады, ҚР ДСМ нормативті құжаттарына және Тиісті дәріханалық тәжірибе (GPP) талаптарына сәйкес дәріхана жағдайында барлық дәрілік түрлерді, концентраттарды, жартылай фабрикаттарды, дәріханаішілік дайындамаларды дайындайды.		
3 ОН	Жазбаша жұмыстарды (реферат, эссе, тест тапсырмалары және т.б.) орындау кезінде, сабақтар мен емтихандарда, зерттеулерде, өз позициясын білдіруде, академиялық қызметкерлермен, оқытушылармен және басқа да білім алушылармен қарым-қатынаста білім алушының адалдығын білдіретін құндылықтар мен принциптердің жиынтығын біледі және түсінеді.		

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 2 беті

4 ОН	Кәсіби қызмет саласында анықтамалық және ғылыми фармацевтикалық әдебиеттермен, электрондық деректер базасымен және компьютерлік оқыту бағдарламаларымен жұмыс істеу қабілетін көрсетеді.					
5 ОН	Қысқа, құрылымдалған мәтін арқылы өз ойын негіздейді, стилистикалық сауатты сөйлем құрастырады, әдеби дереккөздерді дұрыс көрсетеді.					
6 ОН	Білім алушыларға және басқа да қызығушылық танытқан тұлғаларға дәрілік құралдар өндірісінде инновациялық технологияларды жасау және ендіру бойынша білімін жеткізуге қабілетті.					
7 ОН	Ақпаратты іздеуде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады, фармацевтика ғылымдары саласында алынған деректерді жүйелейді және оларды практикалық қызметке бейімдейді.					
5.1	Пәннің ОН	Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері				
	1 ОН	ОН 1 Қазақстан халқына фармацевтикалық көмекті ұйымдастыруда тәжірибе жүзінде білімі мен дағдыларын қолданады.				
	2 ОН	ОН 3 Дәріхана жағдайында дәрілік заттарды дайындайды.				
	3 ОН					
	4 ОН	ОН 9 Денсаулық сақтау стейкхолдерлері арасында тиімді коммуникация дағдылары, үздіксіз кәсіби дамуға мотивациясы мен мәдени толеранттылығы бар.				
	5 ОН					
	6 ОН					
	7 ОН	ОН 12 Аналитикалық және зерттеу жұмысының дағдыларын дамыту үшін ғылыми білімді қолданады, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тиімділігін, қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ететін зерттеулер жүргізуге қабілетті.				
6.	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Дәрілік түрлер технологиясы бойынша сабақтар кафедраның арнайы зертханалық құрал-жабдықтармен және қондырғылармен, сонымен қатар құралды-компьютерлік жүйелермен жабдықталған аудиторияларда жүргізіледі. Кафедраның мекен жайы: Шымкент қ., Аль-Фараби даңғылы 1, ОҚМА, 1- оқу корпусы, 3-қабат (304, 306 ауд.), телефон: 8-7252 (395757), ішкі 1037, дәрілер технологиясы кафедрасы, сайт: https://skma.edu.kz/ru/pages/kafedra-tehnologii-lekarstv					
6.2	Сағаттарының саны: 180	Дәріс	Тәжір. сабақ	Зерт.сабақ	БӨЖ	ОБӨЖ
		15	-	45	84	36
7.	Оқытушылар туралы мәліметтер					
№	Т.А.Ж.	Дәрежесі және лауазымы	Элек- трондық адресі	Ғылыми қызығушылық тары және т. б.	Жетістіктері	
1.	Сағындықова Б.А.	каф.меңг., фарм.ғ.д., проф.	sagindik.ba@mail.ru	Ғылыми бағыты: «Технологические и биофармацевтические аспекты разработки детских лекарственных форм бронхолитического и противокашлевого действия»	270 астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік басылымдардың, 8 оқулықтың, 6 оқу құралының, 3 Уақытша фармакопоялық мақалалардың, 4 авторлық куәліктің және 14 өнертабысқа патенттің авторы	
2.	Анарбаева Р.М.	фарм.ғ.к., проф.л.а.	rabiga.rm@mail.ru	Ғылыми бағыты: «Разработка технологии комплексной переработки виноградных косточек и создание на их основе	130 астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік басылымдардың, 5 оқулықтың, 5 оқу құралының, 1 авторлық куәліктің және 6	

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 3 беті

				лекарственных препаратов»	өнертабысқа патенттің авторы
3.	Асыллова Н.А.	мед.ғ. магистрі, аға оқыт.	asilova.na@mail.ru	Ғылыми бағыты: «Технологические и биофармацевтические исследования по разработке бронхолитических лекарственных препаратов»	20 астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік басылымдардың, 2 оқу құралының және 2 өнертабысқа патенттің авторы
4.	Нурбаева С.Е.	аға оқыт.	sveta_sagi@mail.ru	Ғылыми бағыты: «Отандық өсімдік шикізаты негізінде жаңа дәрілік препараттарды жасау және енгізу»	7 ғылыми басылымдардың авторы
5.	Жарылқасын А.Н.	мед.ғ. магистрі, оқыт.	altynai5529@mail.ru	Ғылыми бағыты: «Фармацевтикалық тауарларды сату өнерін жүйелі-мінездік вңғай негізінде талдау»	5 ғылыми басылымдардың және 1 авторлық куәліктің авторы

8. Тақырыптық жоспар						
Ап-та/күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқыту технологиясының формасы / әдістері	Бағалау әдістері/ формалары
1	Дәріс. Дәрілік түрлер технологиясы ғылым ретінде. Дәрілік препараттарды дайындау және сапасын бағалауды мемлекеттік нормалау.	Дәрілік түрлер технологиясы. Дәрілер технологиясы - ғылыми және оқу пәні ретінде. Дәрілер технологиясының базалық және салалық пәндермен байланысы. Пәннің мақсаты мен міндеттері. Негізгі түсініктер және терминдер. Қатты дәрілік түрлер. Ұнтақтар дәрілік түр ретінде. Анықтамасы. Сипаттамасы. Ұнтақтарға қойылатын талаптар. Ұнтақтардың жіктелуі.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Дәрілік түрлер технологиясында дозалау.	Дәрілік құралдарды салмақ және көлеммен дозалау. Дәріханалық практикада қолданылатын таразылар. Сусымалы заттарды, тығыздықтары жоғары және төмен сұйықтықтарды, дәрілік қалыптарды дозалау ережелері. Көлем бойынша дозалау үшін қолданылатын қондырғылар және аппараттар. Тамшымен	2,3,4 ОН	3	Кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 4 беті

		дозалау. Стандартты емес тамызғышты калибрлеу.				
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Дәрілер технологиясы ғылым ретінде. Дәрілер технологиясының міндеттері. Дәрілік препараттар өндірісін мемлекеттік нормалау.	Әртүрлі тарихи дәуірдегі дәрілік көмектің қалыптасуы. Отандық және шетел ғалымдарының, ҒЗИ ғылыми жетістіктерінің және жоғары оқу орындары кафедраларының дәрілер технологиясының ғылыми негізде дамуы мен қалыптасуында ролі. Қазіргі жағдайы және даму болашағы. Дәрілер технологиясының міндеттері. Оларды шешудің негізгі бағыттары. Дәрілік препараттар өндірісін мемлекеттік нормалаудың негізгі бағыттары.	5,7 ОН	2/6	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Дәрілік түрлердің ағзаға енгізу жолы және агрегаттық жағдайы бойынша жіктелуі. Дисперсологиялық жіктелудің дәрілер технологиясы үшін маңызы.	Дәрілік түрлердің интегральды жіктелуінің маңызы. Агрегаттық күйі және ағзаға енгізу жолдары бойынша дәрілік түрлердің жіктелуі. Энтеральды және парентеральды қолдануға арналған дәрілік түрлердің ерекшеліктері. Дисперстік жүйе ретіндегі дәрілік түрлердің жіктелуі.			Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
2	Дәріс. Ұнтақтар. Технологиясы. Ингредиенттерді ұсақтау және араластырудың негізгі ережелері.	Ұнтақтар технологиясының сатылары. Майдалау. Ұнтақтар ингредиенттерін араластырудың негізгі ережелері және олардың дәйектемесі. Құрамында күшті әсер ететін және улы заттары, қиын ұнтақталатын заттары, бояғыш заттары, экстрактар және т.б. заттары бар ұнтақтар технологиясы. Ұнтақтарды жетілдіру бағыттары: ұнтақтар дайындау үшін жартылай фабрикаттар, кіші механизация құралдарын қолдану.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Жәй және күрделі ұнтақтар дайындау. Улы	Ұнтақтар дәрілік түр ретінде. Артықшылықтар және кемшіліктері. Жәй және күрделі ұнтақтар дайындаудың сатылары. Ұнтақ тәрізді	2,3,4 ОН	3	Жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс	Тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару,

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 5 беті

	және күшті әсер ететін дәрілік заттармен ұнтақтар технологиясы.	қоспалар дайындау, олардың біркелкілігі. Ұнтақ ингредиенттерін араластырудың негізгі ережелері және олардың дәйектемесі. Ұлы заттармен ұнтақтар дайындау. Тритурациялар. Ұнтақтарда ұлы, күшті әсер ететін заттардың реттік және тәуліктік дозаларын тексеру. Ұнтақтарды дозалау және қағаз, желатинді капсулаларға орамдау. Ұнтақтардың сапасын бағалау. Сақтау.			істеу	зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Дәрілік түрлер технологиясында қолданылатын дәрілік және қосымша заттар. Наркотикалық (есірткі), ұлы және күшті әсер ететін заттармен жұмыс істеуді реттейтін нормативті құжаттар.	Дәрілік заттар номенклатурасы. Ұлы және күшті әсер ететін заттар. Дәрілік препараттардағы есірткі және оларға теңестірілген заттардың босатылу нормалары. Бұйрықтар. Қосымша заттар, оларға қойылатын талаптар. Қосымша заттардың дәрілік құралдардың биологиялық тиімділігі мен тұрақтылығына әсері. Белгіленуі және агрегаттық күйі бойынша қосымша заттардың номенклатурасы және жіктелуі. Қолданудың қысқаша сипаттамасы. Ұлы, наркотикалық және күшті әсер ететін дәрілік заттарды нормативті құжаттардың талаптарына сәйкес рецепте жазылу ережелері. Ұлы, наркотикалық және күшті әсер ететін заттарды сақтау, есепке алу тәртібі. дәрілік түрлердің сапасын бағалау және босатуға безендіру ережелері. ҚР ДСМ бұйрықтары.	5,7 ОН	2/6	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Экстракттармен және қиын ұнтақталатын	Қиын ұнтақталатын заттармен ұнтақтар технологиясы. Бояғыш, иісті және ащы дәмді заттармен ұнтақ дайындау ерекшеліктері, сақтау, босату және қолдану тәртіптері.			Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс	Портфолио

	заттармен ұнтақтар технологиясы.	Экстрактармен (кұрғақ, қою және қоюдың ерітіндісімен) ұнтақтар дайындау.			жасау	
3	Дәріс. Сұйық дәрілік түрлер. Жіктелуі. Жалпы сипаттамасы. Төмен молекулалы заттардың нағыз ерітінділері. Ерітінділер дайындаудың ерекше жағдайлары.	Ерітінділер. Анықтамасы. Сипаттамасы. Оларға қойылатын талаптар. Жазылу тәсілдері. Рецепттерде ерітінділер концентрацияларын белгілеу. Дәрілік заттардың ерігіштігі дәрілер технологиясы үшін қажетті негізгі физика-химиялық сипаттамалардың бірі ретінде. Ерітінділер технологиясының сатылары. Қиын еритін, жеңіл тотығатын және басқа заттар ерітінділері технологиясының ерекше жағдайлары.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Сулы ерітінділер технологиясы. Сулы ерітінділерді дайындау ерекшеліктері.	Сулы ерітінділер. Сипаттамасы. Жіктелуі. Тазартылған суды алуда қойылатын талаптар. Ірі кристалды заттардың ерітіндісін дайындау ерекшеліктері. Күміс нитраты, калий перманганаты, Люголь, сулема, сынап дийодиді, кальций глюконаты, осарсол, фурацилин ерітінділерін дайындаудың ерекше жағдайлары. Сұйық дәрілік түрлерді тығындау және безендіру. Сұйық дәрілік түрлердің сапасын бағалау.	2,3,4 ОН	3	Жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Сұйық дәрілік түрлер. Анықтамасы. Жіктелуі. Оларға қойылатын талаптар.	Сұйық дәрілік түрлер. Анықтамасы. Сұйық дәрілік түрлердің сипаттамасы. Оларға қойылатын талаптар. Қолдану тәсілі бойынша сұйық дәрілік түрлердің жіктелуі. Дисперсологиялық жіктелу.	5,7 ОН	3/5	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Сұйық дәрілік түрлер үшін дисперстік орталар.	Сұйық дәрілік түрлер үшін дисперстік орталар. Еріткіштерге қойылатын талаптар. Тазартылған су. Алу, сақтау. Жұмыс орнына суды беру. Су өткізгіш құбырларды тазалау. Сапасын бағалау.			Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 7 беті

	Тазартылған су. Алу, сақтау. Суды жұмыс орнына жеткізу.					
4	Дәріс. Микстуралар технологиясы. Сұйық дәрілік түрлерді концентрлі ерітіндіні қолданып және құрғақ заттарды ерітумен дайындау.	Бюреткалық жүйені пайдаланып, сұйық дәрілік препараттар технологиясы. Бюреткалық қондырғыларға арналған концентрлі ерітінділер, оларды дайындау жағдайлары және сапасын бағалау. Концентрлі ерітінділерді сұйылту және қанықтыруға байланысты есептеулер. Сақтау. Концентрлі ерітінділермен, галенді препараттармен және құрамында мөлшері 3%-ға дейін, 3%-дан жоғары ұнтақ түрінде болатын дәрілік заттармен микстуралар технологиясы.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Концентрлі ерітінділерді дайындау. Микстураны концентрлі ерітіндіні қолданып және құрғақ заттарды ерітумен дайындау.	Концентрлі ерітінділерді дайындау жағдайлары және ерекшеліктері. Концентрлі ерітінділерді сұйылту және нығайту. Дайындау барысындағы концентрацияда жіберілетін ауытқулар. Бюреткалық жүйеге арналған концентрлі ерітінділерді сақтау жағдайлары және мерзімдері. Концентрлі ерітінділермен, галенді препараттармен және құрамында мөлшері 3%-ға дейін, 3%-дан жоғары ұнтақ түрінде болатын дәрілік заттармен микстуралар технологиясы. Хош иісті сумен микстуралар технологиясы. Микстураларды орамдау және сапасын бағалау.	2,3,4 ОН	3	Жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Сұйық дәрілік түрлерді бюреткалық жүйені қолданып дайындау бойынша	Бюреткалық қондырғыны қолданып сұйық дәрілік түрлерді дайындау бойынша нұсқаудың негізгі қағидалары. Сұйық дәрілік түрлерді салмақ-көлемдік тәсілмен дайындау. Бюреткалық жүйелер, қондырғылар және оларды эксплуатациялау	5,7 ОН	2/4	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 8 беті

	нұсқаудың негізгі ережелері.	ережелері. Ерітінділерді жетілдіру бағыттары: «құрғақ» микстуралар, микстура-концентраттар жасау, консервілеу, корригирлеу, дәріханаішілік дайындама номенклатурасын кеңейту, кіші механизация құралдарын ендіру.				
5	Дәріс. Бейсу ерітінділер. Бейсу ерітінділер технологиясы.	Бейсу ерітінділер. Анықтамасы. Сипаттамасы. Еріткіштің табиғаты бойынша жіктелуі. Технологиялық үдерістің сатылары. Бейсу ерітінділерін дайындау ерекшеліктері.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Стандартты фармакопоялық сұйықтықтарды сұйылту. Дәріхана жағдайында бейсу ерітінділерін дайындау.	Дәріхана іс-тәжірибесінде қолданылатын стандартты (фармакопоялық) сұйықтықтар. Жіктелуі. Стандартты фармакопоялық сұйықтықтарды сұйылту. Бейсу ерітінділер. Бейсу ерітінділер технологиясында қолданылатын еріткіштер және олардың сипаттамасы. Ұшқыш және ұшқыш емес еріткіштерде бейсу ерітінділер технологиясының ерекшеліктері, сулы ерітінділер технологиясынан айырмашылығы. Этанол еріткіш ретінде. Сұйылту әдістері. ҚР ДСМ бұйрықтарының талаптарын сақтап этанолмен жұмыс істеу ережесі. Бейсу ерітінділердің сапасын бағалау.	2,3,4 ОН	3	Жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Бейсу дисперстік орталар. Сипаттамасы, оларға қойылатын талаптар.	Бейсу еріткіштер. Сипаттамасы. Оларға қойылатын талаптар. Этил спирті, оны сұйылту. Этил спиртін сақтау және есепке алу. Табиғи және синтетикалық еріткіштер.	5,7 ОН	2/6	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Ішуге және сырт тәнге	Тамшылар дәрілік түр ретінде. Анықтамасы. Сипаттамасы. Жіктелуі. Тамшыларға қойылатын талаптар. Тамшыларды дайындау			Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен	Портфолио

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 9 беті

	қолданылатын тамшылар. Технологиясының ерекшеліктері.	сатылары. Орамдау. Сапасын бағалау. Сақтау.			жұмыс жасау	
6	Дәріс. Жоғары молекулалық қосылыстар ерітінділері. Коллоидтық ерітінділер. Олардың технологиясының ерекшеліктері.	Анықтамасы. Сипаттамасы. ЖМҚ және коллоидтар молекулалары құрылысының еру үдерісіне әсері. Дайындау сатылары және ерекшеліктері.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Жоғары молекулалық қосылыстар және қорғалған коллоидтық ерітінділер технологиясы.	Жоғары молекулалық қосылыстар ерітінділері технологиясының сатылары. Пепсин, желатин, крахмал, метилцеллюлоза, натрий-карбоксиметилцеллюлоза және басқа синтетикалық жоғары молекулалық қосылыстар ерітінділерін дайындау ерекшеліктері. Коллоидтардың мицеллалар құрамына байланысты технологиялық тәсілдері. Колларгол және протаргол сипаттамалары, олардың ерітінділерін филтрлеу ерекшеліктері. Сапасын бағалау. Орамдау.	2,3,4 ОН	3	TBL әдісімен шағын топтарда оқыту	Тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: ЖМҚ және коллоидты ерітінділердегі өзгерістер (коацервация, сілбілену және т.б.). Гетерогенді жүйелердің агрегативті, кинетикалық және конденсациялық тұрақтылығы.	Сақтау кезінде ерітінділерде өзгерістер тудыратын тұздану, коацервация, сілбілену және басқа процестер. Гетерогенді жүйелердің агрегативті, кинетикалық және конденсациялық тұрақтылығы.	5,7 ОН	3/3	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
7	Дәріс. Суспензия дәрілік түр ретінде. Суспензияны дайындаудың	Суспензиялар. Анықтамасы. Сипаттамасы. Оларға қойылатын талаптар. Суспензиялар технологиясында	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 10 беті

	әдістері.	қолданылатын, дәрілік заттар сипаттамасы. Тұрақтандырғыштар, оларды сапалық және сандық таңдау. Суспензияларды алу әдістері: дисперстік және конденсациялық. Суспензияны дисперсті әдіспен дайындаудың сатылары.				
	Зертханалық сабақ. Гидрофильді және гидрофобты заттармен суспензиялар дайындау.	Суспензиялар дәрілік түр ретінде. Суспензия түзілу жағдайлары. Суспензиялар тұрақтылығына әсер ететін факторлар. Суспензияларды алудың әдістері: дисперстік, конденсациялық. Гидрофильді және гидрофобты заттармен суспензиялар дайындау.	2,3,4 ОН	3	Жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Аралық бақылау.	Бақылауға дәрістердің, тәжірибелік сабақтардың және БӨЖ 1-7 аптадағы тақырыптарының мазмұны енеді.	3,4,5 ОН	2/4	Жеке жұмыс жасау	Тестілеу, ауызша сұрау
8	Дәріс. Ішуге арналған эмульсиялар.	Ішуге қолдануға арналған эмульсиялар. Анықтамасы. Сипаттамасы. Жіктелуі. Майлы эмульсиялар технологиясының сатылары. Тұрақтандырғышты таңдау және есептеу. Дәрілік заттарды эмульсияға енгізу.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Дәнмен және маймен эмульсиялар дайындау.	Эмульсиялар дәрілік түр ретінде. Шикізат материалына және дайындау тәсіліне байланысты эмульсиялардың түрлері. Дәннен жасалған эмульсия дайындау үшін қолданылатын дәрілік шикізат. Тұқымдардың және жемістің қабығының түріне байланысты шикізатты өңдеу. Майлы эмульсиялар дайындау тәсілдері. Эмульсия құрамына дәрілік заттарды енгізу. Сапасын бағалау және босатуға безендіру.	2,3,4 ОН	3	Жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Суспензия және эмульсияны	Фармацевтикалық тәжірибеде суспензия мен эмульсияны тұрақтандыру үшін қоланылатын ЖМҚ және ББЗ. Олардың беттік	5,7 ОН	2/4	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен	Портфолио

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 11 беті

	дәрілік түр ретінде тұрақтандыру үшін қолданылатын ЖМҚ және БАЗ.	құбылыстарының физика-химиялық негізінде тұрақтандырушы қасиеттері. ГЛБ мөлшерінің ББЗ және ЖМҚ тұрақтандырушы қасиетіне әсері. Суспензиялар мен эмульсиялардың даму перспективалары: тұрақтандырғыштар ассортиментін кеңейту, кіші механизация құралдарын, сапасын бағалаудың жетілген (инструментальды) әдістерін ендіру және т.б.			жұмыс жасау	
9	Дәріс. Тұнбалар және қайнатпалар - дәрілік өсімдік шикізаттарынан алынған сулы сығындылар. Сулы сығындылар сапасына әсер ететін факторлар.	Тұнбалар және қайнатпалар. Анықтамасы. Экстракциялық дәрілік түрлердің маңызы. Сулы сығындылардың сипаттамалары және жіктелуі. Тұнбалар мен қайнатпаларға қойылатын талаптар. Сығындылау сапасына әсер ететін факторлар.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Құрамында алкалоидтар, жүрек гликозидтері, эфир майлары, сапониндер, иілік заттары және антрогликозидтер және шырышты заты бар шикізатпен сулы сығындылар дайындау.	Сулы сығындылар дәрілік түр ретінде. Өсімдік шикізатын сумен экстракциялау механизмі. Сулы сығындылардың сапасына әсер етуші факторлар. Құрамында алкалоидтар, жүрек гликозидтері, эфир майлары, сапониндер, иілік заттары, антрогликозидтер және шырышты заты бар шикізатпен сулы сығынды дайындау ерекшеліктері. МФ талаптарына және нормативті құжаттар талаптарына сәйкес сулы сығындының сапасын бағалау. Тұнба және қайнатпа дайындау үшін қолданылатын экстракт-концентраттар. Технологиясының ерекшеліктері. Сапасын бағалау және безендіру.	2,3,4 ОН	3	Жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Сығындылау - десорбция, еріту	Сығындылау – десорбция, еру және диффузия процестерінің бірлігі ретінде. Сығындылау процесіне молекулалық және конвективтік диффузия	5,7 ОН	3/3	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен	Портфолио

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 12 беті

	және диффузия процестерінің бірлігі ретінде. Сығындылау процессінде молекулалық және конвективті диффузия теорияларының негізгі ережелерін қолдану.	теориясының негізгі ережелерін қолдану. Сығындылау сапасына әсер ететін Шукарев-Фик заңы. Дәрілік шикізаттағы әсер етуші және қосымша заттардың физикалық-химиялық қасиеттерінің сығындылау процесіне әсері. Сулы сығындыларды жетілдіру: консерванттарды енгізу арқылы сулы сығындылардың тұрақтылығын тұрақтандыру, кіші механизация құралдарын қолдану, экстракттар ассортиментін кеңейту, сулы сығындылардың сапасын бағалаудың объективті, жетілдірілген әдістерін жасау.			жұмыс жасау	
10	Дәріс. Линименттер сырт тәнге қолданылатын дәрілік түр.	Линименттер. Анықтамасы. Сипаттамасы. Жіктелуі. Линименттерге қойылатын талаптар. Линименттерді дайындау сатылары. Гомогенді, суспензиялық, эмульсиялық және аралас линименттер технологиясы (аммиак линименті, Вишневский жағар майы және тағы басқа). Линименттердің сапасын бағалау.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Гомогенді және гетерогенді линименттерді дайындау.	Линименттер. Анықтамасы. Жіктелуі. Сипаттамасы. Оларға қойылатын негізгі талаптар. Линименттерді дайындау технологиясы. Номенклатуралары. МФ басылымына енген официналды линименттер. МФ және нормативтік құжаттар талабына сай линименттердің сапасын бағалау, босатуға безендіру және сақтау ережелері.	2,3,4 ОН	3	Жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Линименттер технологиясын жетілдіру. Линименттердің	Суспензиялық, эмульсиялық және аралас линименттердің тұрақтылығын арттыру жолдары. Жаңа эмульгаторларды, қоюландырғыштарды және т.б. таңдау және пайдалану.	5,7 ОН	2/4	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 13 беті

	тұрақтылығын арттыру үшін қосымша заттарды қолдану.	Антиоксиданттарды қолдану арқылы липофильді негіздердің химиялық тұрақтылығын арттыру. Линименттердің микробтық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қолданылатын консерванттар.				
11	Дәріс. Жағар майлар дәрілік түр ретінде. Дәрілік заттарды жағар майға енгізудің негізгі ережелері.	Жағар майлар дәрілік түр ретінде. Анықтамасы. Сипаттамасы. Дәрілік заттарды жағар майларға енгізудің негізгі ережелері. Дәрілік заттар бөлшектері өлшемдерінің жағар майлардың биологиялық тиімділігіне әсері. Жағар майлар технологиясы.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Жағар майлар технологиясы.	Жағар майлар. Анықтамасы. Жіктелуі. Дәрілік заттарды жағар майға енгізудің негізгі ережелері. Гомогенді және гетерогенді жағар майлардың технологиясының ерекшелігі. МФ енгізілген официналды жағар майлар. Жағар майларды орамдау және безендіру ережелері. Жағар майлардың сапасын бағалау.	2,3,4 ОН	3	Жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Жағар майлар үшін негіздер. Оларға қойылатын талаптар. Жағар май негіздерінің сипаттамасы және жіктелуі.	Жағар май негіздері. Оларға қойылатын талаптар. Негіздердің жіктелуі: липофильді, гидрофильді, дифильді. Жағар майлардағы дәрілік заттардың биологиялық тиімділігіне негіздердің әсері. Жағар май негіздерінің сипаттамалары (көмірсулар, майлар, силикондар, ақ уыз және полисахаридтер гельдері, полиэтиленоксидтер). Құрамында ланолин және оның туындылары, пентол, сорбитанолеат, жоғары молекулалы спирттер және т.б. дифильді негіздер.	5,7 ОН	2/4	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
12	Дәріс. Суппозиторийлер дәрілік түр ретінде. Суппозиторийлерді дайындау	Суппозиторийлер дәрілік түр ретінде. Анықтамасы. Сипаттамасы. Суппозиторийлердің белгіленуі бойынша жіктелуі.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 14 беті

	әдістері.	Суппозиторийлерді алу әдістері: қолмен илеу, қалыпқа құю, престеу. Алу тәсіліне байланысты суппозиторийлер технологиялық үдерістің сатылары.				
	Зертханалық сабақ. Суппозиторийлер технологиясы.	Суппозиторийлер. Анықтамасы. Жіктелуі. Оларға қойылатын талаптар. Суппозиторийлерді қолмен илеу және қалыпқа құю әдісімен дайындау сатылары. Суппозиторийлердің сапасын бағалау.	2,3,4 ОН	3	Жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Суппозиторийлер үшін негіздер, оларға қойылатын талаптар. Суппозиторийлер негіздерінің сипаттамасы, жіктелуі және номенклатурасы.	Суппозиторийлер үшін негіздер, оларға қойылатын талаптар. Суппозиторийлер негіздерінің жіктелуі: гидрофобты, гидрофильді. Какао майы және оның аналогтарының сипаттамалары: гидрогенденген (кондитерлік) майлар, олардың эмульгаторлармен балқымалары, витепсол, лазупол. Полиэтиленоксидтер, желатин-глицеринді және басқа негіздер. Негіздердің дәрілік заттардың биологиялық тиімділігіне әсері. Сабынды-глицеринді суппозиторийлер.	5,7 ОН	3/3	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
13	Дәріс. Стерильді және асептикалық жағдайда дайындалатын дәрілік түрлер. Шаншуға арналған ерітінділер технологиясы.	Шаншуға арналған дәрілік түрлер. Анықтамасы. Сипаттамасы. Дәріханаларда шаншуға арналған ерітінділерді дайындаудың технологиялық схемасы.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Шаншуға арналған ерітінділер технологиясы.	Дәріханада шаншуға арналған ерітінділерді дайындаудың технологиялық схемасы. Шаншуға арналған ерітінділер технологиясын регламенттейтін инструкциялар және бұйрықтар. Шаншуға арналған ерітінділерді	2,3,4 ОН	3	Жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 15 беті

		тұрақтандыру. Шаншуға арналған ерітінділердің сапасын бағалау.				
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Стерильдеу – асептикалық жағдайдың негізгі факторларының бірі ретінде. Дәрілік түрлер технологиясында стерильдеу әдістері. Аппараттар.	Дәрілік және қосымша заттардың физикалық-химиялық қасиеттеріне және микроорганизмдердің өмір сүру қабілетіне байланысты объектілер стерильдігінің сенімділігін қамтамасыз ету. Стерильдеу әдістері. Аппараттар. Объектілер қасиеттері және олардың санына байланысты стерильдеу тәртіптері. Стерильділікті тексеру. Стерильдеудің әртүрлі әдістердегі қауіпсіздік техникасы.	5,7 ОН	2/6	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Журнал мақалаларын талдау (RBL элементтерімен)
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Пирогенді заттар. Дәрілік түрлердің апиогендігін қамтамасыз ету жағдайлары.	Пирогенді заттар. Олардың табиғаты. Пирогенді заттардың қайнар көздері. Биологиялық және физика-химиялық тәсілдерді қолданып пирогенділікті тексеру. Депирогенизация.			Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Шаншуға арналған су. Дәріханада оны алу үшін аппараттар. Құрылымының ерекшеліктері.	Шаншуға арналған дәрілік түрлер үшін еріткіштер. Шаншуға арналған су. Қойылатын талаптар. Дәріханада суды алу. Аппараттар, олардың конструкцияларының ерекшеліктері. Тамшыаулағыш қондырғылар. Суды жинау және сақтау. Шаншуға арналған судың сапасын тексеру. Шаншуға арналған суды стандарттауды, сақтауды, алуды нормалайтын құжаттар.			Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
14	Дәріс. Инфузиялық ерітінділер технологиясы.	Инфузиялық ерітінділер технологиясы. Изотондық, изогидрлік, изоиондық талаптары.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Инфузиялық ерітінділерді дайындау.	Инфузиялық ерітінділер. Изотондау, изогидрлеу, изоиондау талаптары. Вант-Гофф, Рауль заңдары және дәрілік заттардың натрий хлориді бойынша изотондық	2,3,4 ОН	3	Жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 16 беті

		эквиваленттері негізінде изотондық концентрацияларды есептеу. Дәріханаларда дайындалатын шокқа қарсы және дезинтоксикациялық ерітінділер.				жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Ерітінділерді механикалық қоспалардан тазарту. Дәріхана жағдайында шаншуға арналған ерітінділерді фильтрлеу үшін қолданылатын аппараттар және фильтрлер.	Ерітіндіні механикалық қоспадан тазартудың негізгі принциптері. Фильтрлеуші материалдар, оларға қойылатын талаптар. Дәріхана жағдайында шаншуға арналған ерітінділерді фильтрлеу үшін қолданылатын фильтрлер және аппараттар. Шыны фильтрлері бар вакуум-фильтрлеуші қондырғылар. Фильтрлеуші материалдары әртүрлі саңырауқұлақ-фильтрлер, көп саңлаулы фильтрлер.	5,7 ОН	2/6	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Дәріханада дайындалатын шаншуға арналған ерітінділерді орамдаушы және тығындаушы материалдар. Бұйрықтар және нұсқаулар.	Шаншуға арналған ерітінділер үшін қолданылатын құтыларға қойылатын талаптар. Шынының химиялық тұрақтылығы және оның мәні. Дәріхана жағдайында шаншуға арналған ерітінділер үшін қолданылатын құтыларды дайындау және сынау. Шаншуға арналған ерітінділерді тығындау. Табиғи және синтетикалық каучуктен жасалған резина тығындар, оларға қойылатын талаптар. Өңдеу. Шаншуға арналған ерітінділер құтыларын тығындау. Сыйымдылықтары әртүрлі флакондарды тығындау үшін қолданылатын машиналар.			Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Жаңа туған және жасына дейінгі балаларға арналған дәрілік түрлер. Нормативті құжаттар.	Балаларға арналған дәрілік түрлер. Балаларға арналған дәрілік түрлерге қойылатын талаптарды регламенттейтін құжаттар. Жаңа туған және 1 жасқа дейінгі балаларға арналған дәрілік түрлерді дайындаудың асептикалық жағдайлары. Ішуге арналған ерітінділер, ұнтақтар, сеппелер, майлар технологиясы.			Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 17 беті

		Балаларға арналған дәрілік түрлерді стерильдеу, бөлшектеу, тасымалдау. Балаларға арналған дәрілік түрлерді безендіру. Рецепттің безендірілуі.				
15	Дәріс. Дәріхана жағдайында дайындалатын офтальмологиялық дәрілік түрлер.	Офтальмологиялық дәрілік түрлер. Анықтамасы. Тамшылар, жағар майлар, басуға арналған ерітінділер. Сипаттамалары. Көз дәрілік түрлеріне қойылатын талаптар. Технологиялық процесс сатылары.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Көз тамшылары мен көз жағар майлары технологиясы. Құрамында антибиотиктері бар дәрілік түрлер.	Көз тамшылары. Анықтамасы. Сипаттамасы. Қойылатын талаптар. Көз тамшыларын дайындау ерекшеліктері. Көз тамшыларын құрғақ заттарды ерітіп және олардың концентрлі ерітінділерін пайдаланып дайындау. Көз жағар майларының технологиясы. Көз жағар майларын дайындауда қолданылатын негіздер. Көзге арналған дәрілік түрлердің сапасын бағалау. Құрамында антибиотиктер кіретін дәрілік түрлер. Анықтамасы. Сипаттамасы. Номенклатурасы: ұнтақтар, ерітінділер, жағар майлар, суппозиторийлер. Оларға қойылатын талаптар. Қосымша заттарды таңдау және антибиотиктер тұрақтылығына байланысты технологиясының ерекшеліктері. Сапасын бағалау. Орамдау. Сақтау. Құрамында антибиотиктері бар дәрілік түрлерді жетілдіру: тұрақтылықты арттыру, жаңа қосымша заттар, стерильдеудің жаңа әдістерін ендіру және т.б.	2,3,4 ОН	3	Жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ. БӨЖ тақырыбы және тапсырмасы: Аралық бақылау.	Бақылауға дәрістердің, тәжірибелік сабақтардың және БӨЖ 8-15 аптадағы тақырыптарының мазмұны енеді.	3,4,5 ОН	4/2	Жеке жұмыс жасау	Тестілеу, ауызша сұрау
Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу				18		

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2022-2023)
«Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)		31 беттің 18 беті

9.	Оқыту және сабақ беру әдістері				
9.1	Дәріс	Презентация түрінде тақырыптық дәрістер.			
9.2	Тәжірибелік сабақ	Зертханалық сабақтар: жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу.			
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау, оқыту және ситуациялық тапсырмаларды орындау, реферат, презентация, портфолио, эссе дайындау, тест тапсырмаларын құрастыру, журнал мақалаларын талдау және т. б.			
9.4	Аралық бақылау	Жеке жұмыс жасау. Тестілеу, ауызша сұрау.			
10.	Бағалау критерийлері				
10.1	Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері				
ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1 .	Дәрілік құралдарды дайындауды, сапасын бағалауды, сақтауды және қолдануды реттейтін нормативті құжаттардың негізгі ережелерін білу.	1. Дәрілік түрлердің сипаттамасы мен жіктелуін білмейді. 2. Дәрілік құралдарды дайындауды, сапасын бақылауды және сақтауды реттейтін нормативтік құжаттардың негізгі ережелерін білмейді. 3. Мемлекеттік фармакопеяның құрылымы мен мазмұнын білмейді.	1. Дәрілік түрлердің сипаттамасын және жіктелуін толық тұжырымдамайды. 2. Дәрілік құралдарды дайындауды, сапасын бақылауды және сақтауды реттейтін нормативтік құжаттардың негізгі ережелерін білмейді. 3. Мемлекеттік фармакопеяның құрылымы мен мазмұнына толық білмейді.	1. Дәрілік түрдің сипаттамасы мен жіктелуін сипаттайды. 2. Дәрілік құралдарды дайындауды, сапасын бақылауды және сақтауды реттейтін нормативтік құжаттардың негізгі ережелерін біледі. 3. Мемлекеттік фармакопеяның құрылымы мен мазмұнына жақсы біледі.	1. Дәрілік түрлердің өз бетінше сипаттайды және жіктелуін нақты жүйелейді. 2. Дәрілік құралдарды дайындауды, сапасын бақылауды және сақтауды реттейтін нормативтік құжаттардың негізгі ережелерін еркін түсіндіреді. 3. Мемлекеттік фармакопеяның құрылымы мен мазмұнын өз бетінше қолданады.
ОН2 .	Дәрілік құралдарды дайындау бойынша өндірістік процесті ұйымдастырады, ҚР ДСМ нормативті	1. Жұмыс орнын өрескел қателіктермен дайындады. 2. Ингредиенттердің мөлшерін қате есептеді. 3. Дәрілік препаратты	1. Өз жұмыс орнын қателіктермен дайындады. 2. Ингредиенттердің мөлшерін нашар есептеді.	1. Өз жұмыс орнын болар- болмас қатемен дайындады. 2. Ингредиенттердің мөлшерін есептей алады. 3. Дәрілік препаратты	1. Жұмыс орнын өз бетінше, қатесіз дайындады. 2. Ингредиенттердің мөлшерін өз бетінше, қатесіз есептеді. 3. Дәрілік

